Бүгінде сексеннің бесеуіне шыққан Меңсұлу әже жанарынан айрылған екен. Өздігінен жүріп-тұруға да қауқары жетпейді. Естуі де қиындаған. Үйге біреу келгенін түсінген ол: «Сайлаудың балалары ма?» - деп сұрады отағасынан. Төсек тартып жатса да, елдегі жаңалықтан хабардар екенін біліп тәнті болдық. Екі сыныптық қана білімі бар Меңсұлу әже еңбекке ерте жастан араласқанын айтады. Жұмысты жеңіл-ауыр деп талғамай, қандай қызмет болса да, белсене кірісіпті. Қосалқы шаруашылықта бригадир болып еңбек еткен ол өткенін былайша еске алды:

– Алексей Богатыревтың қарауында еңбек еттік. Менің бригадамда 20-ға тарта жұмысшы болды. 40 сотық жерге картоп салатынбыз. Қарбыз да, қауын да болды. Төгіліп жатса да, басы артық біреуін алмаушы ек. Қазір



сыртқа бір бұйымды шығарып қойшы, ертесіне таба алмай қаласың. Ал ол кездердегі заман тіптен бөлек еді.

Меңсұлу әженің жолдасы Рай ақсақал да зауыттың №8 цехында ұзақ жылдар еңбек еткен. Құрмет белгісімен марапатталып, «Еңбек ардагері» деген атақ алған Рай ағаның еңбек жолын Сырым есімді ұлы, Алтын есімді қызы одан әрі жалғады.

Жуырда ғана 85 жасқа толған Меңсұлу әжеге зауыт зейнеткерлері қоғамының төрағасы Людмила Скоробогатова өзінің құттықтау лебізін білдіріп, зауыт әкімшілігі мен кәсіподағы атынан Алғыс хат ұсынды. Бұл құрметке разы болған кейуана қуанышын жасырмай, тілегін айтып, батасын берді.

Келесі кейіпкеріміз – Анна



Ивановна Ульяновна да зауыттың қосалқы шаруашылығында 20 жылдай еңбек етіпті. 1977 жылы зауыт аумағындағы жылыжайға жұмысқа қабылданған ол онда қысы-жазы гүлдер мен көкөністердің үзілмегенін айтады.

– Жылыжайда қияр, қызанақтар мол болды. Бәріне де жететін. Гүлдерді айтсаңызшы! Мерекелер қарсаңында аялдамаға алып шығатынбыз, біз өсірген раушан гүлдерін әп-сәтте талап әкететін. Бір тиынды да қалтаға басқан емеспіз, өткізген өнімнің ақшасын есепшіге әкеп табыстаймыз. Кейін Алғабастағы қосалқы шаруашылыққа Владимир Севрюгин, Придановтардың қарамағында еңбек еттім. Жұмысқа өзіміздің жеке саяжайымызға бара жатқандай асығушы ек, - дейді ол. Осы салаға 20 жылын арнаған

Лидия Ивановна Калмыкова да әркез адал еңбек етуге тырысқанын



айтады. Сол жиырма жылдың ішінде бір де бір рет жұмыстан қалып көрмеген ол зауыт жылыжайы туралы былай деп еске алды:

– Біздің жылыжайда ақпанда да қарбыз болатын. Облыстық атқару комитетінен де өкілдер сол үшін арнайы келетін. Кейін алма бағында жасадым. Ол кездегідей алма қазір жоқ қой. Мен Владимир Севрюгиннің қарамағында болдым. Жарықтық, үйіне алманың түйірін де алмайтын. Бірде бізге баласы келді, алма ұсынсам: «Әкем рұқсат етпейді, ала алмаймын!» - деп жауап береді. Адалдықтарында шек жоқ!

Ол кездердің қиындықтары да кейіпкеріміздің есінде. Баққа дейінгі 3 шақырым қашықтықты жаяу жүріп баратын бригадир Лидия Ивановна еңбек қарқынына күн райының еш әсері болмағанын айтады.



– 1975-тен 1995 жылға дейін еңбек еттім. Зейнет жасына жетсем де, басшылық қалуымды өтініп, еңбек етуді жалғастырдым. Мен тек бригадирлықты ғана емес, қолымнан келген жұмыстың бәрін

жасадым. Ешкіммен санасқан жоқпын, - дейді ол.

Жасы 80-нен асқан Лидия Ивановна әлі күнге дейін ауласына бақша салады. Оның жолдасы Сергей Калмыков та зауытта жүргізуші болып еңбек еткен. Сергей Григорьевич те, ұлдары Григорий де бау-бақша баптауда бригадир Лидияның көмегіне көп жүгінеді.

Зауыттың қосалқы шаруашылығына 1958 жылдың 8 сәуірінде жұмысқа қабылданған Кенжеғыз Еламанова мұнда 1997 жылға дейін еңбек етіпті. 17 жасында басталған еңбек жолы қырық жылға дейін созылған Кенжеғыз апа бүгінде әлі тың. Еңбекпен шыңдалған ол да әлі күнге дейін бақша салып, өнім алады.

– Алма ағаштары 80 гектар жерді қамтыды. Қандай жұмысты да қиынсынған жоқпын, жер де қопардым, топырақ та тасыдым. Тіпті, ішімде 7 айлық балам бар кезінде 70 келі картопты иығыма артып ап, көлікті астауына лақтыратынмын. Сонда да түгім кетпеді, сәбиімді аман-есен дүниеге әкелдім. Өзім 14 құрсақ көтердім, соның 10-ын жарық дүниеге әкелдім. Не баланы, не басқаны сылтау етіп, жұмыстан қалған жоқпын. Басшымыз Алексей Богатырев: «Жұмысты Еламанова сияқты жасау керек!» - деп, мені өзгелерге үлгі етіп отыратын, - дейді 40 жыл бойы есімінің озат жұмысшылар тізімін бастап тұрғанын мақтанышпен еске алған Кенжеғыз апа.

Кенжеғыз апаның жолдасы

Иә, еңбектің бейнетін көрмеген жанның зейнеттің дәмін татуы екіталай. Ал егін егіп, бақша салу, түлік бағып, мал өсіру – бейнеттің бейнеті. Қазіргідей ғылым мен технологияның дамып, бөлен сотық жерді суару үшін бір тетікті баса қояудың өзі жеткілікті болған заманда емес, күштің бәрі қос білекке түскен сол баяғы жылдарда тер төккен жандардың еңбегі құрметке лайық. Олардың еңбек жолы – зауыт тарихының ажырамас бір бөлігі.

Светлана ҚАЛИЕВА

ПЕРЕАТТЕСТАЦИЯ СПЕЦИАЛИСТОВ В ОБЛАСТИ ОБЕСПЕЧЕНИЯ РАДИАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ



Айжан САДИРОВА,
специалист отдела подготовки кадров УТР

Радиационная безопасность является важным элементом национальной безопасности и подразумевает состояние защищенности настоящего и будущих поколений от вредного влияния радиации. Речь идет, в первую очередь, о повседневном использовании радионуклидов и ионизирующего излучения в промышленности, науке, медицине, сельском хозяйстве, космической технике и т. д. Любое полезное применение радиации должно быть безопасным.

Радиационная безопасность персонала, населения и окружающей природной среды считается обеспеченной, если соблюдаются основные принципы радиационной безопасности (обоснование, оптимизация, нормирование) и требования радиационной защиты, установленные законами РК, действующими нормами радиационной безопасности и санитарными правилами. Поэтому на предприятиях, где возможно получение радиации, должны назначать ответственных за радиационную безопасность. На предприятиях (учреждениях) - ответственных за производственный контроль за радиационной безопасностью,

из числа специалистов, прошедших специальную подготовку и проверку знаний, ответственных за учет и хранение ИИИ на предприятии, ответственных за организацию учета, сбора, хранения и сдачу радиоактивных отходов на предприятии.

Кто обязан проходить обучение по радиационной безопасности?


- лица, ответственные за радиационную безопасность и радиационный контроль на радиационных объектах; дозиметристы; лица, занятые работой по размещению генерирующих источников ионизирующего излучения,



Интернациональный знак радиоактивности — элемент системы.

работ с изделиями, содержащими радиоактивные вещества.

Исходя из этого, в период с 13 по 17 апреля 2015 года было организовано обучение группы, со-



временного хранения источников; а также лица, непосредственно работающие с источниками ионизирующего излучения.

- лица, ответственные за ведение работ по контролю радиационной обстановки и радиационной безопасности на объектах среды обитания человека (включая отходы производства, металлолом, минеральное сырье и т.п.);

- руководители и исполнители

стоящей из 20 инженерно-технических работников, ответственных за получение, хранение и учет источников ионизирующего излучения, хранение рентгеновских аппаратов, радиационную безопасность, радиационный и радиометрический контроль согласно закона РК «О промышленной безопасности на опасных производственных объектах».

Обучение по программе «Радиационная безопасность и за-

Радиационная безопасность — состояние защищенности настоящего и будущего поколений людей от вредного для их здоровья воздействия ионизирующего излучения.

щита» в объеме 18 часов было проведено ТОО «КВВ Consulting Group». Программа курса предусматривала обучение в области радиационной безопасности, системы государственного учета, контроля и физической защиты людей от радиоактивных ве-

повышению квалификации персонала предприятий и организаций, привлекающий к обучению лучших специалистов. Занятия проводил кандидат технических наук Малик Есмагамбетов, компетентный и интересный преподаватель, прекрасно владею-



ществ и радиоактивных отходов, промышленной, экологической безопасности, охраны труда, предупреждения и ликвидации чрезвычайных ситуаций, радиационных аварий. Особое внимание было уделено вопросам применения законодательной и нормативно-правовой базы в области радиационной безопасности.

ТОО «КВВ Consulting Group» - один из ведущих центров по подготовке, переподготовке и

щей материал. Он преподавал персоналу таких компаний, как «Тенгизшевройл», НСОС, «Ембімұнайгаз». Информация была доведена до слушателей в доступной и легко воспринимаемой форме.

По окончании курса был проведен итоговый экзамен, который показал высокий уровень знаний обучающихся. Всем им были вручены квалификационные удостоверения.



НОВАЯ ПАРТИЙНАЯ ЯЧЕЙКА

Теперь у заводских пенсионеров будет своя партийная ячейка. На днях состоялось его первое заседание. В нем принял участие заместитель председателя первичной заводской партийной организации «Нур Отан» Ерсайын Жарбосынов. Вступившим в партию «Нур Отан» пенсионерам были вручены партийные билеты нового образца. Председателем первичной партийной организации пенсионеров завода были избран ветеран завода Манарбек Бекберген. Члены новосозданной партийной ячейки обсудили план работы на предстоящий период.

ЧЕСТВОВАНИЕ ЮБИЛЯРОВ

В обществе пенсионеров ТОО «АНПЗ» прошло чествование апрельских именинников. Оно совпало с религиозным праздником Пасха, поэтому, мероприятие по-

завода. 22 апреля Юля Павловна исполнилось 80 лет. Свое 75 летие в апреле отметили: Рафаил Гарифович Абдулов, проработавший 11 лет в РМУ, Лукерья Ива-

РСУ, Александр Александрович Круглов, он работал в транспортном цехе.

Группа пенсионеров в апреле отметили свое 65 летие. Среди них Валерий Трифонович Тен, 17 лет трудился в цехе №5, Манарбек Махмудович Бекберген, он имеет 22 года заводского стажа, был начальником цехов №1,2,8,ППНГО. В цехе №6 39 лет работал Мурат Утепкалиевич Абошев. А Калимжан Мендыгалиев 11 лет своего трудового пути отдал транспортному цеху.

В следующую группу, которой были адресованы поздравления, вошли пенсионерки, отметившие круглую дату - 60 лет. Это Лариса Георгиевна Калмыкова, имеющая 16 лет заводского стажа, Александра Абдуллаевна Дурманова, работавшая в ЖКО и Галина Бахитовна Есенова, трудившаяся в цехе №8. Для всех именинников был накрыт праздничный стол с куличами, крашеными яйцами, юбилейным тортом, испеченным Галиной Есеновой. Собравшиеся пели песни, вспоминали родной завод, который сдружил их всех на долгие года.



лучилось красочным и веселым. Первой поздравления в свой адрес услышала Юля Павловна Балабанова, которая 27 лет проработала на машинно-счетной станции

новна Граур, имеющая 22 года работы в ЖКО, Зинаида Леонидовна Мерс, 16 лет трудившаяся в цехе №8, Юрий Григорьевич Калмыков, 33 года проработавший в

ЕШКІМГЕ ҚАТЫСЫ ЖОҚ ҚАРАПАЙЫМ МҰСЫЛМАН. ОЛ КІМ?

Бүгінде мұсылмандар әр түрлі атауды айдар етіп алған топтардың жетегінде кетіп, өзінің имандас, қағбалас бауырларына мейірімді болуды былай қойғанда, аяғынан шалып орға жығуға дайын тұратын жағдайға жетіп отыр. Себебі, ол оның қаншалықты діндес, қандас бауыры болса да, топтасы емес. Әңгіменің ауаны қайда екенін нақты білу үшін бірнеше мысалдарға тоқталып өтейік.

Мақаланың тақырыбын оқыған адамның «Ешкімге қатысы жоқ» дегені қай сасқаны деуі мүмкін. Сонда қалай, ешбір туысы, бауыры немесе досы жоқ, ешкіммен араласпайтын мұсылман дегені ме? – деп қарауы табиғи реакция деп ойлаймын. Кеңестік дәуірде және одан бұрын да қазақ қоғамында мұндай ұғым жоқ болатын. Оны қалыптастырудың немесе қоғам талқысына салудың ешбір қажеттілігі болған емес. Бірақ заман мен жағдай талабына сай, кейбір тәсілдер мен жаңа дүниелерге қоғамның мұқтажы туындайтыны белгілі.

Абай атамыз: «бас басына би болған өңкей қиқым, мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын» деп жазғандай, қазіргі уақытта топ-топ болып, іштен ыдырап, сиқы кетіп бара жатқан біздің мұсылман қоғам үшін бұл тақырыпты-қозғау және салмақтап қарау ауадай қажет деп санаймын.

Халқымызда «Бұрыс алды ынтымақ. Бірлік болмай тірлік болмас. Қайсыбір қоғамның мамыражай бейбіт өмірінің, өркендеп гүлденуінің, жан-жақты дамуының негізгі кепілі – оның өзара ауызбіршілігі, ынтымағы мен бір-біріне көрсетер жанашырлығы.

Хақ дін – Ислам мұсылмандардың арасындағы бірлік пен ынтымақты олардың екі өмірдегі игілігі үшін парыз етеді. Бұл турасында Құранның Әли Имран сүресіндегі аяты: «Алланың дініне барлығың бірге жабысыңдар, бөлінбеңдер...» деп нақты өмірін айтады.

Сонымен қатар, діндерін бөлек-бөлек етіп, жанжалдасқан адамдарды айыптайды. Өзара жанжалдасудың үмметті әлсіретіп, құлдыратуға апарып соғатынын «Аллаға және оның елшісіне бойсұнындар, өзара тартыспандар, ұтыласындар, күштеріңді жоғалтасындар...» деген аятпен анық айтып ескертеді.

Сондай-ақ, Пайғамбар өзінің хадисінде: «Мұсылмандардың бірін-бірі жақсы көруде, өзара мейірімді бо-

луда және жанашырлық танытудағы мысалы – бір мүшесі ауырса, басқа мүшелері онымен қосыла ыстығы көтеріліп, ұйқыдан қағылатын тұтас бір дене секілді» дейді.

Хадис мұсылман қоғамының дамып, өркендеуінің және іргесі берік ел болуының негізгі факторына мензеп отыр. Өкінішке орай, мұсылмандардың қазіргі ахуалы әр бөлігі әр жерде шашылып жата беретін баланың құрастырғыш ойыншығы секілді болып барады.

Жоғарыда аталған өкінішті жағдайдың негізгі себебі – мұсылмандардың Алла Тағаланың Хаж сүресіндегі: «Ол сендерді мұсылман деп атады» деген аятының мақсат мазмұнына мән бермей, толығымен ұмытуы деп айтуға болады. Алла Тағала бізді мұсылман деп атаумен бірге, осы атқа лайықты болуды жүктеді.

Бұл атауды басқа атақ лақаптармен ауыстырмауды парыз етті. Яғни, Жаратушы Тағала мұсылман баласынан «бұл өмірден тек мұсылман болған халде ғана озуды» талап қылды. Себебі бұл парыздың орындалуы жоғарыда айтылған үмметтің ынтымағы мен бірлігінің, өзара жанашырлығының негізгі алғышарты болып табылады.

Мысалы, сәләфилік бағытта жүрген мұсылманды алсақ, ол аталмыш бағыттың Ибн Тәймия, Мухаммед бин Абдулахваб, Ибн Баз, Ибн Усеймин, Әл Албани, Әл-Мадхали т.б. көсемдерінің кітаптары мен ілімдерін ғана оқиды. Сонымен қатар аталған шейхтердің ұстанымын ғана дұрыс деп санайды. Сәләфилік ұстанымда болған мұсылмандарды ғана өзіне жақын тартып, «ахи, ухти, брат, сестра» деп қабылдайды. Өйткені, оның көсемдері жоғарыда аталған кісілерден басқаны тындама, олардың еңбектерінен басқа кітаптарды оқыма олар адасқандар деп шектеп, тыйым салып тастаған. Демек, басқа ғұламалар мен имамдар оның түсінігінде адасқан, бидғатшылар болып табылады. Мүмкіндік туса ондай адасқандар мен бидғатшылардан (дінге жаңалық енгізгендер) хақ дін – исламды тазарту қажет деп сенеді. Мұның айғағы ретінде Медина қаласындағы Ислам университетінде дәріс берген сәләфилік бағыт өкілдерінің бірі Али бин Мухаммед бин Синанның «Әл-мажмуғ әл-муфид мин ақидатут-таухид» (Та-

ухид ақидасынан алынған пайдалы жинақ) кітабындағы мына жолдарды келтіруге болады.

Автор: «Уа мұсылмандар, сопылық тарикаттарына қарсы жаппай соғыс жариялап, оларды толығымен жоймағанша, сендердің исламдарының пайдасы жоқ. Оларға қарсы яхудиер мен отқа табынушыларға қарсы күресуден бұрын соғысыңдар» дейді. Әрине бұдан автордың «зкіршілер, исма-туллашылар т.б.» секілді сопылықтың атын жамылған топтарға ғана емес, біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан дұрыс сопылық мектепке қатысты көзқарасының қаншалықты агрессиялық сипатта екені көрінеді.

Бұл тек сопылыққа ғана қатысты емес. Олар еліміздегі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ұстанатын сенім мектебі – мәтруди ақидасын да жоққа шығарып, адасушылықпен қаралайды. Әрине әлемдегі мұсылмандардың көпшілігі Ибн Тәймия мен Ибн Абдулахваб-тың ақидасымен өмір сүрмейтіні белгілі. Мұсылмандар бұл ардың уағызына көне қоймайды. Нәтижесінде Пайғамбар сипаттағандай мұсылмандардың арасында өзара жанашырлық пен мейірім емес, өзара алауыздық пен дұшпандық орын алады. Мұның соны қанды оқиғаларға жетелеуі де мүмкін. Мұның айғағын елдегі соңғы жылдары орын алған жарылыстардан және мешіттердегі бір Алла деп құлышылық жасайтын жамағаттың арасындағы алауыздықтан көріп отырмыз.

Тағы бір діни саяси ұйым – Хизбут тахрир тобының мүшесі болған мұсылман ислам тарихындағы басқа ғұламалар мен тұлғалардың тәлімін бір шетке қойып, аталмыш партияның негізін қалаушы – Такиюддин ән-Набаханидің еңбектерін ғана басшылыққа алады. Діннің барлық мақсаты мен мазмұны тек халифат құру деп сенеді. Бұл мақсатта әрекет етпеген адамды үмметтің қамын жейтін мұсылман емес деп айыптайды. Қандай мінберде болмасын мұсылман үмметінің мүддесін емес, өз партиясының мүддесін алға тартумен айналысады. Демек, аталмыш бағыттың жетегінде болған мұсылманның, өзге мұсылмандарға мейірімді бола қоюы қиынға соғады. Жоғарыда көрсетілген топ-

тар қазіргі таңда ислам әлемінде ерушілері мен жақтаушыларының қатары көбейіп, мұсылман үмметінің, атап айтқанда сүнниттердің бірін-бірі жоққа шығарып, өзара таластартысқа апарып, алаңдатарлық проблемаға айналғандары. Олар туралы қысқаша айтылған мәліметтерге талдау жасай келе, жоғарыда айтылған: «Бөлінбеңдер... өзара тартыспандар... тұтас бір денеге ұқсайды...» деген Құран мен сүннетте бекітілген принциптерге тікелей қайшы нәтижеге алып баратын фактор екеніне көзіміз жетеді. Мұндай «қайсыбір топқа қатыстылық» деген дүниеден арылу, оған қарсы жұмыс жүргізу діннің амандығы мен елдің бірлігін ойлаған әрбір мұсылманның арман дерті болуы тиіс деп ойлаймын.

Сонымен қатар мұсылман үмметіне, қазақ халқына жақсылық ойлай қоймайтын тараптар мұсылмандардың ішіндегі бұл проблеманы оңтайлы пайдаланып жүргенін әрбір азамат ұмытпауы қажет. Осылайша олар біртұтас мұсылман үмметін бірін-бірі қолдамайтын топтарға бөле отырып, өзара ауызбіршіліктен айыруды көздейтіні мәлім.

Өкінішке орай, өз ішімізден шыққан кейбір жастарымыз бен азаматтарымыз да аталған топтардың кейбірінің жетегінде кетіп, исламның емес, діннің атын жамыла отырып өз тобының туын көтеру арқылы аталмыш ойынның құрбаны болуда. Оның барлық атқарған қызметі мен жасаған іс-әрекеті жалпы мұсылман үмметінің емес өзі қатысты болған топтың және оның артында тұрған тараптың ғана мүддесіне саяды.

Мысалы, сәләфилік бағытта жүрген мұсылманның айтқан уағызы тек сәләфи шейхтердің кітаптарымен шектеліп, сарп етілген мал-мүлкі сәләфилік бағыттың өкілдеріне құйылады. Осылайша сәләфилік топтың қатарының көбеюіне өз үлесін қосады.

Мұндай жағдай тек сәләфилерге ғана қатысты емес, жоғарыда айтылған хизбут-тахрир, ихуан муслимин, нұршы, сүлейменші, хабаши, таблиғ жамағаты секілді топтардың жетегінде кеткен азаматтардың барлығына да тән болуда. Міне осы тұрғыдан қазіргі таңда «Ешкімге қатысы жоқ қарапайым мұсылман» яғни, мұсылмандардың өзара іштей бөлініп, алауыздыққа баруына себеп болып жатқан топтардың ешбіріне

қатысы жоқ мұсылман болу өте өзекті мәселеге айналған секілді. «Ешкімге қатысы жоқ қарапайым мұсылман» деген кейінгі ғасырларда пайда болған діни ағымдардың ешбірінің ықпалына ермеген мұсылман. Ол с әләфи де, хизбут та, таблиғшы да, сопы да, нұршы да емес, ол – «қарапайым мұсылман». Еліміздегі ғасырлар бойы қалыптасқан ханафи мазхабы мен мәтруди ақидасын ұстанады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қызметкерлері мен пәтуасына құрметпен қарайды. Оларды сынаса, тек насихат мақсатында, конструктивті сипатта ғана сынамайды. ҚМДБ пәтуаларына тек құрметпен қарап қоймай, күнделікті өмірінде оларды басшылыққа алады. Ол бастауы шет мемлекеттерде болып табылатын діни ұстанымдар мен топтардың ықпалына берілмейді. Себебі шет елдердегі шейхтердің жетегінде болған мұсылман өз елінде жүріп, солардың мүддесіне жұмыс жасайды. Шейхының оның алдына қойған мүддесі мен өз елінің мүддесі біріне-бірі қайшы келген тұста, бұрмаланған шариятына негіздеуі отырып, ел мүддесін соңғы кезекке қояды немесе мүлде ескермейді де.

Осы тұста айта кетерлік жайт, «қарапайым мұсылман» жоғарыда аталған топтардың барлығын бірдей өзіне дұшпан санамауы қажет деп санаймын. Олардың зияны мен залалын, кемшіліктері мен артықшылықтарын шарият пен ақылдың таразысына салып, өз бағасын бере білу керек. Мұны айтып отырғаным, кейінгі кезде қоғамда ешбір топқа қатысты болмаймын дей отырып, исламға қатысты топтардың салыстырмалы түрде қарағанда дұрысы мен бұрысын қатар барлығын бірдей жоққа шығарушылар пайда болуда. Бұл тұста Алла Тағаланың Мәида сүресіндегі: «Сендердің бір қауымды жақтырмауларың, өздеріңді әділетсіз әрекетке итеріп жүрмесін» деген ескертуін естен шығармау қажет секілді.

Қорыта айтқанда, «қарапайым мұсылман» белгілі бір топтың мүддесі үшін емес, күллі адамзаттың, өз халқының мүддесі жолында қызмет жасайды.

Еркінбек ШОХАЕВ,
Атырау облысы дін істері басқармасының басшысы

Спорт



Завершились игры по баскетболу, проходившие в рамках обще заводской спартакиады. Самыми зрелищными стали поединки за призовые места. В состязании за третье место, команде цеха №6 удалось со счетом 38:31 выиграть у команды заводоуправления. За первое место боролись команды КПА и цеха №5. Баскетболисты цеха №5 оказались сильнее и со счетом 40:39 буквально вырвали победу у команды КПА. Поздравляем победителей!

В честь 70 - летия Победы начнутся соревнования по футболу, волейболу и настольному теннису (среди лиц кому за 40). Заседание судейской коллегии состоится 27 апреля 2015 года в 16.00 часов в здании профкома.

Коллектив ТЭЦ выражает глубокое соболезнование Паку Владиславу Николаевичу в связи со смертью мамы Пак Розы Фёдоровны.

Коллектив ППНГО выражает искреннее соболезнование первому зам. начальника ППНГО по первичным процессам Карабасову Сергею Александровичу и его родным и близким в связи со смертью тещи

Еженедельная газета «НОВАТОР»
№15 от 24 апреля 2015 года
АДРЕС РЕДАКЦИИ: 060001, г.Атырау,
ТОО «АНПЗ», ул. 3.Кабдолова, 1
тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75

ИП «MEDYAGROUP»
Руководитель – Д.Мухамбетов
Редакторы:
С.Калиева,
И.Сатылганова

Свидетельство №790
выдано 27 мая 1992 года
Министерством печати и
массовой информации
Республики Казахстан

Газета набрана и сверстана
в компьютерном отделе, отпечатана
в типографии ТОО «Атырау-Акпарат»
г.Атырау, ул.Молдагалиева 29А
Тел.: 45-86-60. Тираж 1100
Заказ №458

УЧРЕДИТЕЛЬ: ТОО «АТЫРАУСКИЙ НЕФТЕПЕРЕРАБАТЫВАЮЩИЙ ЗАВОД»

Поздравляем!

8 цех ұжымы және кәсіподақ комитеті атынан
Рахима Хамзақызы Сарсенованы
Сізді әйел адамның теңдесі жоқ бақытқа кенелетін жасымен
құттықтаймыз!!!

Бұл мерейлы жасыңызда: ардақты - ана, аяулы - әже,
Қадірлі шаңырақтың панасы болуыңызға әріптестеріңіздің атынан
тілекшіміз.

Коллектив ТЭЦ поздравляет
С 55-летием

Галину Валентиновну Веселову

Две пятёрки встали рядом
Получился юбилей.

Но печалиться не надо
Улыбайтесь веселей.

В юбилейный день рождения
Шлём свои мы поздравленья.
Быть весёлой, справедливой,
Жизнерадостной, счастливой.

Чтобы горе и печали
Никогда не посещали.

Желаем доброго здоровья
Успехов малых и больших.
Любви всех близких и родных.
Желаем много сил, удачи.
Желаем сердцу пламенеть.

В кругу друзей, родных, знакомых,
Назло годам, чтоб не стареть!

Коллектив ППНГО Поздравляет
Мереке Тулегеновича Ешланова
с 45-летием!

Мы все хотим, без исключения
Вам всяких всячин пожелать:
Удачи, счастья и везенья,
И никогда не унывать

Чтоб выпадал билет счастливый,
Чтоб отпуск не был ваш дождливым,
Больших успехов на работе,
И у начальства быть в почете!

Коллектив П «ПНГО»
Поздравляет с днем рождения:
Дмитрия Олеговича Гущина
Николая Алексеевича Семиончева
Кайрата Куракбаевича Аташева
Ержана Амировича Бисалиева
Абдулмуталима Султановича Абаева!

Мы вам желаем в день рождения

Улыбок, радостных хлопот,
Здоровья, счастья и веселья,
Сегодня, завтра, круглый год!
Где взять одних благополучий?

Так не бывает - это факт.
И пусть побольше будет «лучше»,
И меньше будет «кое-как».

Коллектив ремонтно-механического цеха
поздравляет с днем рождения
Замира Хайруллаевича Мурзагалиева
Марины Васильевны Артеменко
Александра Владимировича Нестеренко
Игоря Анатольевича Тарабрина
Болата Жумагалиевича Нурпейсова
Ербулата Амангалиевича Утегалиева

Улыбок и смеха,
Добра и веселья,
В дороге к успеху -
Удачи, везенья!

В семье - пониманья,
В душе - оптимизма,
В работе - признанья
И радости - в жизни!

Коллектив цеха №7 поздравляет
Владимира Михайловича Зевакина
Абзала Амангельдыулы
с днем рождения!

Желаем процветания, добра,
Чтоб мир вокруг был солнечным и ярким,
А настроенье – праздничным с утра,
Чтоб радость приносили Вам подарки.

Пусть будет жизнь всегда так хороша
И удивительна, как в этот день рождения!
От счастья пусть у Вас поет душа,
Прекрасным будет каждое мгновение!

Коллектив цеха №7 сердечно поздравляет
Ленару Уринбасаровну Карабалаеву с 35-летием!

Мы поздравляем с днем рождения,
Пусть восхищает мира красота,
Безоблачным пусть будет настроение,
И расцветает в сердце доброта.
Пусть даст судьба все, что для счастья надо,
Чтоб от любви кружилась голова,
Пусть чаще говорят Вам те, кто рядом,
Хорошие, душевные слова!

Коллектив цеха №7 поздравляет

Бауыржана Муратовича Мулдашева
с 30-летием!

Пусть темп жизни будет быстрым,
Окружение комфортным,
Счастье, радость и удача
В тридцать лет звучат аккордом!

Коллектив ТЭЦ поздравляет с днём рождения:

Владимира Борисовича Булаева,
Вадима Владимировича Соловьёва,
Сатыбалды Даулетова,
а также пенсионера
Юрия Григорьевича Калмыкова

Мы очень рады вас поздравить с днём рождения,
Пусть жизнь становится светлее с каждым днём,
Чтобы прекрасным было каждое мгновение,
И полной чашей был всегда уютный дом.
Здоровья, радости, взаимопонимания,
Любви, гармонии мы пожелать хотим,
Чтоб исполнялись сокровенные желания,
И были рядом те, кто дорог и любим!

Коллектив цеха №5 от всей души
поздравляет с днем рождения
Игоря Юрьевича Ревкова

Желаем счастья, песен, смеха,
Во всем огромного успеха,
Чтобы без всяких зол и бед
Прожить тебе до сотни лет!
Желаем здоровья, в работе терпенья,
А также прекрасного вам настроения!

Коллектив цеха №5 от всей души
поздравляет с днем рождения
Артёма Валерьевича Рубцова

Как работник ты прекрасный,
И дружить умеешь классно,
Помогаешь, если надо,
И не требуешь награды!
Все тебя мы поздравляем,
Очень стойким быть желаем,
Не болеть и не хворать,
А с комфортом отдыхать!

Коллектив цеха № 4 от всей души
поздравляет с Днем рождения
Айзуду Бекежановну Бекежанову!

Желаем крепкого здоровья
Счастливых, долгих жизни лет,
Чтоб юбилейный день сегодня
Оставил в сердце светлый след!
Везения тебе большого,
Семейной жизни теплоты,
И счастья тихого, простого,
Любви, удачи, доброты!

Коллектив цеха № 4 от всей души
поздравляет с Днем рождения
Саламата Жексеновича Мусиева!

Желаем радости, успеха
Здоровья крепкого вагон,
Центнер любви, три тонны смеха,
Моментов счастья – миллион,
Событий ярких, интересных,
Друзей проверенных в делах,
Эмоций светлых и чудесных.
И волшебства не только в снах!